



Ақмешіт

18 қазан
сейсенбі
№83 (1887)
2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



РЕСПУБЛИКА КҮНІНДЕ

Республика күнінің маңыздылығы
неде? Қазақ елінің ежелден ансаған
арманы тәуелсіздік еді.
Тарихтың қай парағын ашсақ та
бұған көз жеткізе аламыз.

Тоғыз айдағы тірлік: ҮКІМЕТТЕ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУ ДИНАМИКАЛАРЫ ҚАРАЛДЫ

Қазақстан Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында биылғы қаңтар-қыркүйек айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың қорытындысы мен республикалық бюджеттің атқарылуы қаралды, – деп хабарлайды primeminister.kz.

Жиында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров есепті кезеңде республика экономикасының өсу қарқыны 2,8%-ды құрағанын баяндады. Салалар арасында ауыл шаруашылығы (6,9%-ға), ақпарат және байланыс (6,7%), құрылыс (5,1%), көлік және қоймалау (4,8%), өңдеу өнеркәсібі (4,6%), сауда (4,3%) және тау-кен өнеркәсібі (0,1%) оң динамиканы көрсетіп отыр. Сыртқы сауда айналымы 36,3%-ға ұлғайып, \$86,3 млрд-ты құрады. Атап айтқанда, экспорт бойынша көрсеткіш 50,6%-ға (\$56 млрд), өңделген тауарлардың экспорты 36,5%-ға (\$16,6 млрд) өсті, тауарлар импорты \$30 млрд-ты құрады. Жалпы, оң сауда балансы \$26,4 млрд-қа жетті.

Өңдеу өнеркәсібі де оң өсу қарқынын сақтап отыр. Қаңтар-қыркүйек айларында өндіріс көлемі 4,6%-ға өсті. Сонымен қатар есепті кезеңде 10,5 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,9%-ға артық.

Премьер-Министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерулан Жамаубаевтың айтуынша, мемлекеттік бюджеттің кірісі 11 трлн 177 млрд теңгені құрады (жоспар 104,8%-ға орындалды). Атап айтқанда, республикалық бюджетке шамамен 7,5 трлн теңге (101,9%), жергілікті бюджеттерге



3,7 трлн теңге (111,2%) түсті. Мемлекеттік бюджет шығыстары 96,2%-ға, республикалық бюджет шығыстары 96,3%-ға, жергілікті бюджеттер шығыстары 97,9%-ға орындалды. Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевтің мәліметінше, осы жылдың 9 айында АӨК-тің жалпы өнімінің көлемі 6,9%

ға өсіп, 6,8 трлн теңгені құрады. Бұл өсім өсімдік шаруашылығындағы өндіріс көлемін 11%-ға және мал шаруашылығындағы өндіріс көлемін 1,1%-ға ұлғайту есебінен қамтамасыз етілді.

Аталған кезеңде азық-түлік өнімдерін шығару 3,7%-ға өсіп, 2,1 трлн теңгені құрады. Жалпы қант (49,8%-ға), жарма (40%), өсімдік майы (39,9%), балық (20,3%), ұн (10,2%), өңделген күріш (8%), макарон (5,8%), тауық жұмыртқасы (5,3%), шұжық өнімдері (4,9%), сиыр сүті (1,8%) және тірі салмақтағы ет

(0,7%) өндірісі артқан. Дәнді дақылдарды жинау – соңғы сатыда. 10 қазандағы жағдай бойынша 15,9 млн га жиналды, орташа өнімділігі 13,5 ц/га болғанда бункерлік салмақта 21,6 млн тонна астық бастырылды.

Сонымен қатар Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев және энергетика министрі Болат Ақшолоақов баяндама жасады.

Премьер-Министр жыл соңына дейін іскерлік белсенділікті ынталандыру және экономиканың барлық салаларында өсу қарқынын арттыру жөніндегі жұмысты күшейту қажет екенін атап өтті.

– Ірі кәсіпорындарға өндірістік жоспарларын іске асыру үшін қолдау көрсетуді күшейту керек. Мәселені жан-жақты талдап, олардың айналым қаражаты, инфрақұрылым, логистика және өнімді сату бойынша проблемалық сұрақтарын шешуді қамтамасыз ету қажет, – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, шикізаттық емес секторларда: соның ішінде өңдеу өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында, көлік, логистика IT, туризм және басқа салаларда инвестициялық жобалардың санын арттыру керек. Премьер-Министр шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, жаңа жұмыс орындарын құруды ынталандыру бойынша нақты шараларды пысықтауды, сондай-ақ бюджеттен қаржыландырылатын инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалар бойынша қаражатты толық әрі тиімді игеруді қамтамасыз етуді тапсырды.

Тәуелсіздік тарихы – бұл өзінің өмір сүру кезеңінде ондаған рет жойылу және толық жойылу қаупінде болған қазақ халқының тарихы! Тәуелсіздік – бұл кездейсоқ сәттілік емес, бұл – ұзақ және табанды күрес нәтижесі. Біздің ата-бабаларымыз азап пен қиыншылықты бастан өткерді, бірақ олардың күшті және мақтан тұтатын рухы құлаған жоқ. Олар ешқашан тәуелсіздікке жету жолында бір қадам кейін шегінген емес. Оларды не қозғағанын білесіз бе? Бұл жарқын болашаққа деген үміт, бостандыққа деген шексіз махаббат, ең бастысы, болашақ ұрпаққа қамқорлық. Олар бізге ашық аспан, бейбітшілік пен тыныштық сыйлады, халықтың тілін, мәдениетін, дәстүрін сақтап қалды. Біз бабалар үмітін ақтай алдық.

Халықтың бірлігі мен тұтастығының арқасында Қазақстан өз мемлекеттілігін жандандырып, экономикалық, мәдени және саяси дамуға қол жеткізді. Елімізде барлық салада реформалар жүргізілді, серпінді экономика құрылды, көптеген мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынас жолға қойылды. Біздің республикамыз алғашқылардың бірі болып ядролық қарудан бас тартып, бүкіл әлемге үлгі көрсетті.

Менің ойымша, мұндай саясат тек біздің елімізді нығайтады. Әрине, Қазақстанға мемлекет «құруды» бастау, дағдарыстан шығу, жұмыссыздықты еңсеру, әлемдік аренаға шығу, дамыған және бәсекеге қабілетті мемлекет болу оңай болған жоқ, бірақ еліміз осы қиындықтардың бәрінен өтті. Болашақта мен Қазақстанды экономикасы жолға қойылған, инфрақұрылымы қазіргі заманғы инновациялық технологиялар негізінде дамыған мемлекет ретінде көремін. Барлығы біздің қолымызда.

Республика күнінің маңызы жайлы, еліміздің жүрген жолы жайлы айтудың жас ұрпақ үшін тәрбиелік маңызы өте зор деп білемін. Жеке өзім таңдаған салада үздік жұмыс істегуге тырысамын, сол арқылы елімді дәріптеймін, сонымен мақтанамын.

Ақбаян САПАБЕКОВА

19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ!

БҰЛ САЛАҒА ЕРДІҢ ЕРІ ШЫДАЙДЫ

Құтқарушы – ең қауіпті мамандықтың бірі. Оларды бейбіт күннің батыры деп айтуға әбден болады. Өз өмірін қауіпке тігіп, өзгенің өмірін аман сақтап қалуды азаматтық борышы санайды. Талай мәрте ажалмен бетпе-бет кездесіп, сан мыңдаған тағдырға қайта өмір сыйлауда. Осындай ерлікке толы еңбектерін олар күніне бірнеше мәрте атқарады.

2 БЕТТЕ



ЕГІН ОРАҒЫ – 2022

КҮЗГІ НАУҚАН АЯҚТАЛДЫ

Сыр диқандары осы жылғы егін жинауды нәтижелі аяқтады. Биыл 188,5 мың гектар жерге егін егіп, оның ішінде негізгі дақыл – күріштің көлемі 78,6 мың гектарды құрап, әр гектардан 56,7 центнерден өнім алынды.



Соңғы жылдары аймақтағы егін шаруашылығы саласының маңызды мәселесі – су тапшылығы еді. Осыған орай биыл Үкімет резервінен 3,6 млрд теңге қаржы бөлінді. Нәтижесінде 21 канал тазалау, 52 ұңғыманы қалпына келтіру мен бұрғылау жұмыстары жүргізіліп, қашыртқы суларды қайта пайдалану және елді мекендерді аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында 133 дана насос қондырғылары сатып алынды.

Күзгі егін жинау науқанының аяқталуына орай облыс әкімінің қатысуымен «Алтын дән-2022» мерекелік шарасы өтті. Мұнда облыстың агроөнеркәсіптік кешені бойынша үздік жетістіктерге жеткен 67 озат марапатталды. Сонымен қатар Қызылорда қаласы мен барлық аудандардың қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Сыр диқандары 2000 тоннаға жуық 500 млн теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдерін халыққа нарық бағасынан төмен бағада ұсынды.

Айта кету керек, биыл су тапшылығын ескере отырып, өткен жылмен салыстырғанда 5 мың гектар күріш алқабы қысқартылды. Оның орнына суды аз қажет ететін мал азықтық дақылдар мен қатар картоп, көкөніс, бақша өнімдерінің егіс көлемдері 7,3 мың гектарға ұлғайтылған. Атап айтсақ, 1945 гектар жүгері, 189 гектар соя, 358 гектар қант құмайы, 3,5 гектар қант қызылшасы егілді. Бүгінде күзгі егін жинау науқаны оңтайлы мерзімінде жүргізіліп, толық аяқталды.

2 БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ



СВЕТЛАНАНЫҢ ТОҚЫМА БҰЙЫМЫ

Бүгінде өз кәсібін бастағандарға мемлекет қолдау жасауда. Қол құсырып қарап отырғанның емес, шын ниетпен әрекет жасағандарға қай жағынан қарасаң да мүмкіндік көп. Тек кәсіптің көзін тапсаң болғаны.

Қызылорда қаласының тұрғыны Светлана Маханжанова ыңғайлы аяқкиім тоқумен айналысып, нәпақасын тауып отыр.

– Тоқыма тоқу үшін ептілік пен шыдамдылық керек. Тоқыма тоқуға бала кезден қызығатынымын. Қол-өнер әлемінен, анамнан бойыма дарыған. Олар тоқыма тоқудың нағыз шебері еді. Сондықтан болар маған да бұл өнер жақын болды. Сөйтіп, аяқкиім тоқуға қызыға түстім. Қажет жіпті Алматы қаласынан аламын. Қазіргі таңда үйден қосымша табыс тауып отырмын. Қолдан бұйым тоқу отбасындағы шаруа мен бала тәрбиесіне еш кедергі жасамайды. Тіпті үйден табыс табуға мүмкіндік. Алғашында жасаған бұйымдарды туыстарға сыйға беретінім. Қазір сұраныс бар. Инстаграм желісінде парақша арқылы тапсырыс аламын, – дейді ол.

2 БЕТТЕ



19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ!

Мың түрлі саланың ішінде қиындығы мен қызығы қатар жүретін құтқарушылар күні күрен күздің екінші айында аталып өтеді. Құтқарушылар өмірі тәуекелге толы. Бұл түрлі табиғи және техногендік апаттардан адамдарды құтқаруға бағытталған адамгершілікке толы, игілікті іс. Қай уақытта болсын, құтқарушы мамандығының мәртебесі биік екені сөзсіз. Өйткені олар су тасқыны, өрт, апаттар, тіпті қарапайым тұрмыстық мәселелерде де алдыңғы қатарда жүреді. Осындай келеңсіздікке кездескен уақытта ең бірінші құтқарушылар қызметіне жүгінетініміз жасырын емес. Қиындыққа қарамастан жақыр қайратымен лаулаған оттың ортасына кіреді, қиындықта қалған адамды құтқарып, қытымыр қыстың аязында қалғандарға да қол ұшын созады. Міне, ерлік деп осындайды айтса керек-ті!

– Төтенше жағдай кезінде жұмыстың дұрыс үйлестірілуі және ұжымның ауызбіршілігі аса маңызды. Батыл мамандар елдің кез келген жеріне жедел көмекке келуге дайын. Адам өміріне қауіп төнген уақытта еш кідіруге болмайды. Қарапайым құтқарушыдан мамандандырылған жасақ қай кезде де өз ісіне адал. 2022 жылғы 9 айында Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесіне 9422 мәрте шақырту түскен. Оның ішінде жедел құтқару жасағы 624 рет шықты. Өткен жылы 6950 шақырту түсіп, жедел құтқару жасағы 586 рет жолға шыққан. Өткен жылмен салыстырғанда құтқарушылар көмегіне жүгіну жағдайы 26,3 процентке көбейген. Жедел тактикалық салада ең маңызды және қиын ұйымдарда және ауылдық аудандардың елді мекендерінде өрт сөндіруді ұйымдастырау мақсатында, әр түрлі нысандарға 39 өрт-тактикалық жаттығу өткізілді. Сонымен қатар ағымдағы жылы 20 маман тұрақты жұмысқа орналасты. Айта кету керек, оның ішінде арнайы іс тәжірибелен өткен мамандар мен оқу бітірген жастарда бар. Тағы бір айта кетерлігі осы салада жет-

Басы 1-бетте

кен жетістіктеріміз де бар. Өрт сөндіру-құтқару спортынан XXVIII ерлер арасында VIII әйелдер арасындағы чемпионаты Сыр өңірінде өтті. Жалпы 400-ден аса спортшы қатысқан шарада Қызылорда облысының қыздар командасы жауынгерлік қанат



БҮЛ САЛАҒА ЕРДІҢ ЕРІ ШЫДАЙДЫ

жаудан жүлделі екінші орын жеңіп алса, шабуыл сатысымен оқу мұнарасының 2-ші, 4-ші қабатына шығу бойынша ерлер құрамасы 3 орын иеленді. Сондай-ақ 7-17 қыркүйек аралығында Алматы облысында өткізілген «КАЗҚҰТҚАРУ-2022» оқу жаттығында Сыр құтқарушылары қанжығаларына жүлделі 2 орынмен марапатталды. Бұл – осы саладағы Сыр тарихындағы алғашқы жеңіс. Су астында іздестіру кезеңі бойынша 1 орын, үйінділер арасынан іздестіру-құтқару кезеңі бойынша 2 орын, кросс күштік жаттығу бойынша 1 орын иеленді. Мұның барлығы құтқарушылардың кәсіби біліктілігін арттырып, салауатты өмір

тармен марапатталды. Біз үшін ең бірінші адамның амандығы. Бұл жұмыс барысында қызметкерге қойылатын талап, – дейді облыстық ТЖД өрт сөндіру және ава-

P.S. Ержүректілік, батырлық, жанкирлық – құтқарушыларға тән қасиеттер. Салмағының өзі бес келіге жуық болатын киімді небәрі он сегіз секундта киіп болуың керек. Брезент киім арнайы құтқару жасағы жұмысшыларына арналып тігілген. Көз алдыңызға елестетіп көріңіз, үстінде қалың киім, қолыңда ұзын су шлангасы, арқанда он бес келілік ауа аппараты бар. Онымен қоса жауынгерлік балта, қасқа, қол шам тағы бар. Осыларды арқалай жүріп, отыз екі метрлік сатымен төмен қарай адам алып шығуың міндетті. Міне, ерлік деп осыны айт. Расымен, сіз бен біздің бас амандығымыз әуелі өзімізге содан соң мамандар біліктілігіне байланысты. Ендеше, құтқарушылар еңбегін қалай мадақтап, қандай марапат ұсынсада жарасады. Өрбір құтқарушы – қаһарман. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осыған саяды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ЖӘРМӨҢКЕ

Биылғы жәрмөңкеге жиылған жұртшылықтың қарасы қалың болды. Тансәріден ағылған ағайын ауыл өнімдерін аралап, әркім өздеріне қажеттілерін сатып алып жатты.

МӘУЕЛІ МЕЗГІЛ МЕРЕКЕСІ

Теңізді өлке Аралдың балығы мен Жалағаштың ақмаржанына, Сырдарияның қауыны мен Жанақорғанның қарбызын алушылар аз болған жоқ. Қазалының көмігі мен Қармақшының шұбатқымызы, Шилелінің картоп-жуасын алуға ниеттендер көп-ақ. Ал, Қызылорда қаласының шаруалары өкелген ет өнімдеріне деген сұраныс жоғары болды.

ауылдық округтер өз өнімдерін ұсынып, жәрмөңке шырайын айшықтай түсті. Сондай-ақ қармақшылық шаруа қожалықтары да 74 жүк көлігімен барлығы 240 тоннаға жуық өнім сатты. Жалағаш ауданының жәр-



Биыл Сыр дикандары үшін табысты жыл болды. Дала еңбеккерлері өнімнен мол астық жинады. Атап айтар болсақ, шаруалар 188 500 гектар жерге егін егіп, күршіттің әр гектарынан 56,7 центнерден өнім алып, жарты миллионға жуық ақмаржан өндірді. Бұл сырбайлық еңбек ерлерінің тынымсыз тірлігінің нәтижесі.

Шаруалар өз өнімдерін базар нарығынан 15-20 пайызға төмен бағада ұсынды. Жалпы есеппен ауылдардан 538 жүк көлігімен 2000 тоннаға жуық өнім әкелінді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындармен бірге қала, аудандағы шаруалардың өнімі қойылған жәрмөңкелерді аралап, азық-түлік бағаларын саралап, халықпен пікірлесті.

«Тағзым» алаңында орналасқан Қызылорда қаласының жәрмөңкесіне 80 жүк көлігімен 300 тоннаға жуық өнім әкелінді. Қалаға қарасты барлық

мекесінде картоп, жуадан бөлек, асқабақ пен бақша өнімдерін сатып алған тұрғындар аз емес.

Биыл «Үздік аудан» атанған Сырдария ауданы қызылордалықтарға жеңілдетілген бағамен азық-түлік өнімдерін ұсынды. Бұл аудан ауыл шаруашылығы саласында жалпы өнім көлемі 15 млрд теңгеге жетіп, өнім көлемі өткен жылмен



СВЕТЛАНАНЫҢ ТОҚЫМА БҰЙЫМЫ

Тоқыма тоқуды жанына жақын санаған Светлана инстаграмнан курс арқылы сомке тоқуды да үйренген. Үйде отырып өз ісін дөңгелетіп отырған ана құрақ көрпеше, аяқкиім, сомке және түрлі бұйымда да жасайды. Болашақта тоқыма шеберлігін шыңдап, өз кәсібін көкжиегін кеңейтуді көздеуде.

– Онай жерде жұмыс жоқ. Сондықтан үлкен кәсіп иесі болу үшін, мұндай қиындықтарға шыдау қажет. Мемлекет те жұмыссыз жандарға қолдау көрсетуде. Осындай мүмкіндікті пайдалана білген жөн. Шағын кәсіпті сәтті жүргізу үшін күнделікті тынбай еңбектену қажет. Бұған қоса, үнемі ізденіс үстінде жүріп білім алып, кәсіби деңгейін арттыруға ұмтылмаса барлығы зая кетеді. «Адамды көркейтетін – еңбек» дегенді естен шығарған емеспін. Аянбай еңбек етіп келемін. Тұрмысым да берекелі. Екі қызым да мен секілді колонерді жақсы көреді. Тоқыма тоқуды, ұлттық бұйымдар жасауды үйреніп жүр. Қыздарым тігін тігудің, ас пісірудің нағыз маманы. Өнерім қыздарыма дарығанына қуаныштымын, – дейді ол.

Еңбек бәрін де жеңбек. Бұл – Светлананың ұстанымы. Өзінің адал еңбегі бағаланып, мол табысқа кенелетініне сенеді. Осы мақсатта мемлекеттен қайтарымсыз қаржы алуға талаптануда.

Басы 1-бетте

Айтқын
БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

КҮЗГІ НАУҚАН АЯҚТАЛДЫ

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар оратылығында өткен брифингте облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев мәлімдеді.

– Күзгі егін жинау науқанының аяқталуына орай облыс әкімінің қатысуымен «Алтын дән-2022» мерекелік шарасы өтті. Мұнда облыстың агромеркәсіптік кешені бойынша үздік жетістіктерге жеткен 67 озат марапатталды. Сонымен қатар Қызылорда қаласы мен барлық аудандардың қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмөңкесі

ұйымдастырылды. Сыр дикандары 2000 тоннаға жуық 500 млн теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдерін халыққа нарық бағасынан төмен бағада ұсынды. Алдағы уақытта аталған шара барлық аудандарда жалғасын тауып, ауыл шаруашылығы саласы озаттары марапатталады, – деді басқарма басшысы.

Қай кезде де Сыр өңірінің күрші үлкен сұранысқа ие. Бүгінде Сыр дикандары еліміз бойынша халықтың қажеттілігін толық қамтамасыз етіп отыр. Сондай-ақ алыс-жақын шет елдерге де өнімдерін экспорттауда.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

Басы 1-бетте

ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Егістік жерлердің жоғарғы құнарлы қабатын тұзданудан және батпақтанудан қорғаудың суды үнемдеудегі тиімді әдістерінің бірі тамшылатып суару болып табылады.

Тамшылатып суару әдісі арнайы қондырғылар арқылы суарылады. Тамшылатып суару әдісінің пайдалы жақтары – жер астылық ыза судың көтерілуіне маңызды зор болып табылады. Сонымен қатар суармалы судың үнемделуіне септігін тигізеді және дренаждық-коллекторды, егістік алқаптарды тегістеуді қажет етпейді. Тамшылатып суару кезінде егістік жерлердің көлемінің ұлғаюына және мионералды тұнайықтарды суарма су арқылы егіннің тамырына беріп, дөңді дақылдардың өнімділігін арттыруға болады. Сондай-ақ егістікке арамшөптің аз шығуына тамшылатып суару әдісі өз септігін тигізеді.

Тамшылатып суару әдісі арнайы қондырғылармен пластикакалық құбырлар арқылы суарылады. Тамшылатып суару тәсілі саяжайларда, бау-бақшаларда, жүзім және көкөніс егуде қолдануға өте тиімді.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда Қызылорда облысында судың тапшылығы байқалуда, жер асты су көздерін пайдалана отырып, жоғарыда айтылған тәсілмен суды жеткізу қиын жерлерге пайдалану тиімді.

Ж.ДЕМЕСНОВ,
«Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ
Қызылорда бөлімшесінің басшысы

Мүсілі ШАЙДУЛЛА,
Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

■ НАЗЫМ СӨЗДІҢ ШЕБЕРІ

АТАҢҒАН СЫРДЫҢ АБАЙЫ

Сыр өңірінде 25 қазан республика күніне орай, «Алтын дән-2022» мерекесі аясында ат бәйгесі өтті.



**СЫР ЕЛІНДЕ
БӘЙГЕ ӨТТІ ДУБЫРЛЕГЕН**



Желмен жарысып, аузымен құс тістеген сәй-гүлкілердің жарысы жас ерекшеліктеріне қарай 5, 11, 15, 25000 метр қашықтыққа бөлінді. Ат бәйгесі – қазақ даласында ертеден жалғасып келе жатқан ұлттық спорт түрінің бірі. Бүгінде қанатын кеңге жайып бұқаралық сипатқа ие болып келеді. Аталған шарда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ұлттық қасиетті спорт түрі «Бәйге» жеңімпаздары мен жүлдегерлерін құттықтап, өңір спорттың дамуына қосқан үлестері үшін алғысын білдірді.

Жалпы Сыр жұртшылығы алтын күзбен бірге келетін дүбірлі дода – ат жарысын сағынып қалыпты. Оған себеп, трибунаға тола жиылған қауым кидулап, сүйікті фавориттерінің атын айқайлап, мерекенің сәнін кіргізді. 5 шақырымға созылған «Тай» жарысынан Шиелі ауданынан келген Дамир Әуезхан бірінші орынды жеңіп алып, қаржылай 400 мың теңге сыйға берілді. Сондай-ақ екінші, үшінші орындар Жамбыл облысының шабандоздары бөлісті.

Одан кейін 11 шақырымдық «Құнан» бәйгесінен жалағаштық Әлихан Ержан I орынды қанжығаға байлады. Ал екінші орынды шиелілік Дамир Әуезхан, үшінші орынды қызылордалық Бауыржан Әубәкір жеңіп алды. Жеңімпаздарға 2 млн теңгем 500 мың теңге қаржылай сыйақы табысталды.

Ал 15 шақырымдық «Топ» бәйгеден Алматыдан келген Назар Асылжан топ жарып, алға шықты. Екінші орынды Тараз қаласынан келген Бағжан Айдарұлы иеленді. Ал үшінші орын – жамбылдық Кекек Маханғалиға бұйырды. Үздік шабандоздарға 2 млн теңгеден бастап 500 мың теңге аралығында қаржылай сыйақы берілді.

Бәйгегінің ең маңызды бөлімі ол 25 шақырымдық «Аламан бәйге» болды десек қателеспейміз. Қатысушылардың арасынан қара үзіп, құйрық тістесіп келгендердің алғашқы легі жүлделі орындарға ие болды. Бірінші орынды – Жалағаш ауданы Бұқарбай бағыр ауылынан келген Ержан Әлихан жеңіп алды. Ал 2 орынға – қызылордалық Қуандық Жолшыбаев табын тінреді. Сонымен қатар 3 орын – Жамбыл облысынан келген Қошқар Құрманәліевке бұйырды. Аламан бәйгегінің жеңімпаз жүлдегерлеріне 4 млн теңге мен 1 млн теңге көлемінде қаржылай сыйақы табысталды.

Мерекеге орай ұйымдастырылған Аламан бәйгеде бабы мен бағы қатар жаңған жеңімпаздарды мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның «Еңбек ері» Абзал Ералиев, қала әкімі Асылбек Шәменов, облыстық ауылшаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев марапаттады.

Ақмарал ҚАДЫРХАҢҚЫЗЫ



■ ТАБИҒАТ-ТӘҢІР

Халқымыз табиғат тылсымын ерте заманнан-ақ түсініп, оны өзінің тұрмысында арқау етті. Қысы-жазы далалық өмірде тіршілік еткен қазақ баласы өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен құпиясын терең білген. Мәселен, айсұз түнде жұлдызға қарап жол тауып, құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа тіршілігіне зер салып, ауа райын күні бұрын болжап, ерте қам жасайды. Сондай-ақ жылдың әр айы мен тоқсанында болатын күн қабағындағы және табиғат өзгерістері мен құбылыстарын әркез назарда ұстайды. Оған ат қойып, айдар тағып, баға беріп отырған. Мұндай жайларды үнемі қадағалап, күні бұрын болжайды. Табиғаттың құбылыстарын жұлдыз арқылы бақылап отыратын халық өз қамына қарай көш бастайтын болған.

Қазан айының ішінде күн суытып, қар аралас жанбыр жауады. Ауа райының мұндай құбылысын үлкендер халқымыздың ертеден қалыптасқан «Қазанның қағуы» амалымен байланыстырады. Қазанның желі қаққан ашы шөптерді осы амалдан кейін қой, түіе жеп, ашылайды. Сонымен қатар қазан айында кіші қазан, үлкен қазан деп аталатын амалдары бар. Бұл екі амалдың да ұзақтығы он күннен арасына екі апта салып, кезектесіп келеді. Қарттарымыз бұл амалдарды кіруі мен шығуын күнтізбе бойынша есептеген.

– Кіші қазанда жел тұрып, күн суып, жанбыр жауады. Тұщы шөптердің бояуы онып қурайды. Ал ашылы шөптер: шағыр, сораң, қара

**ҚАЗАҢНЫҢ
ҚАҒУЫ**



жусан, алабота пісіп, түшиды. Қазақ бұл құбылысты «шөпті қазанның қағуы» дейді. «Қазан қақпай мал жемейді» деген сөз бар. Сондықтан мал өсіретін ел бұл шөптерді қазан қақпай шаппайды. Себебі қазан қақпай шабылған ашылы шөп малдың ішіне тиеді, ас болмайды. Ал үлкен қазанда қар аралас жанбыр жауады, қатты ұшырма жел болады. Өсімдік атаулы түгелге дерлік қурайды, яғни көктемде бой алып өскен өсімдік атаулы қара отқа, бойында нәрі жоқ өлі шөпке айналады. Қой баққан жылдары үлкен қазан амалы жақындағанда-ақ көрі, ақсақ-тоқсақ малдарды өріске жібермей, ауыл маңына ұстайтынбыз. Олардың ішінен суыққа шыдамайтын қазан асын соя бастайды. Ал күздің осы амалдарынан аман шыққан

малдарды қыстауға қарай айдап әкетініміз. Малды табиғаттың тосын мінездерінен сақтап қалу үшін әр айдың амалына қарай әрекет жасайтынбыз, – дейді ұзақ жыл мал баққан әкем Батырбай Айтжанов. Әсіресе күз мезгілінде дала қоныр-қай тартып, жан қатып су мұздайды. Мал бағып тіршілік еткен қазақ халқы күз мезгілін өзінше сипаттап, әр түрлі амал кезінде оған сай дайындықтарын жасап отырды. Халық аузында «күзгі аспан жеті рет құбылады» деп ауа райының аяқасты өзгеріп кететінін айтқан. Сондықтан мал-жанды сақтау үшін дәстүрлі амалдың басталуын күтетін болған.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Меншік несі:



Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4, Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Апталығына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына авторына, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «Азі» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3737 Таспырыс №1751
Нөмірдің кезекші редакторы Ақмарал ОЛЖАБАЕВА